

Tab 1

Жария оферта

[Публичная оферта \(ниже\)](#)

Осы жария оферта оференттің ұсынысы болып табылады.

«InterActive» ағылшын орталығының курстары үшін ағылшын тілін оқыту бойынша ақылы қызметтерді көрсету туралы келісім-шарт жасасу ұсынысы.

Жарияланған күні: 19.08.2025 жыл

Күшіне ену күні: 19.08.2025 жыл

1. Терминдер

1.1. Оферта (бұдан әрі Келісім-шарт/Оферта) – қызметтерді көрсетуге арналған Атқарушы мен Тапсырыс беруші арасындағы нағыз құжат болып табылады, құптау арқылы жасалады. Оферта екі тараптар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құжаты болып табылады және талқылауға жатпайды. Бұл құжат Интернет желісінде жарияланады, сонымен қатар, танысу мақсатында электрондық пошта арқылы немесе кез келген басқа да құралдар арқылы жіберілуі мүмкін.

1.2. Акцепт – оферта жіберілген адамның құптауы туралы жауабы. Акцепт – төлеуге келісім беру.

1.3. Тапсырыс беруші – жеке тұлға, осы келісім-шарт бойынша қызметтерді алушы болып табылады.

1.4. Оқушы – «InterActive» ағылшын орталығында оқитын жеке тұлға.

1.5. Орталық – «InterActive» ағылшын орталығы.

1.6. Веб-сайт - <https://englishcenter.kz/>.

2. Жалпы ережелер мен ұғымдар

2.1. Бұл құжат «InterActive» ағылшын орталығының ЖК Ли А.Я.-ның жария офертасы болып табылады, бұдан әрі «Атқарушы» деп аталып, жеке кәсіпкердің

№KZ20UWQ05378383 тіркеу куәлігінің негізінде директор атынан Ли Ана Яковлевна әрекет етеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес ақпараттық-білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шарттың барлық маңызды талаптарын қамтиды.

2.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 397-бабына сәйкес офертаны қабылдау – офертада баяндалған талаптар бойынша келісім-шартты жасасумен тең. Осы жария офертаны қабылдаған тұлға осы келісім-шартта көзделген Тапсырыс берушінің барлық құқықтары мен міндеттеріне ие болады.

2.3. Осы келісім-шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің қызметтері үшін төлеген толық төлемі осы жария офертаның акцепті болып табылады. Көрсетілген қызметтері үшін Атқарушының банк шотына қаражат түскен сәттен бастап, осы келісім-шарт Тапсырыс беруші мен Атқарушы (бірге «Тараптар» деп аталып) арасында жасалған болып саналады.

2.4. Осы Офертаның құпталуы және осы Келісім-шарттың тиісінше жасалуы Тапсырыс берушінің осы келісім-шарттың шарттарымен өзіне жеткілікті деңгейде танысқандығын білдіреді.

2.5. Осы жария офертаны құптау бойынша іс-әрекеттерді жасай отырып, Тапсырыс беруші өзінің құқығын, өкілеттігін, іс-әрекетке қабілеттілігін, 18 жасқа толғандығын, сондай-ақ Атқарушымен келісім-шарттық қатынастар жасауға заңды құқығы бар екендігін растайды.

3. Келісім-шарттың мәні:

Бұл келісім-шарт тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілеп, Атқарушы мен Тапсырыс беруші арасындағы қарым-қатынасты, сондай-ақ, ағылшын тілін оқытудағы және Оқушының сабағының ақысын төлеудегі өзара жауапкершілікті реттейді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

Атқарушы міндетті:

4.1. Жыл соңында Тапсырыс берушіге Оқушы оқитын деңгейдегі Кембридж сынақтамасының нәтижелерін бере отырып, Оқушының ағылшын тілін сапалы түрде оқуын қамтамасыз етуге*.

4.2. Оқушыға топтық немесе жеке сабақтарды ай сайын бағанамаға сәйкес бағада қамтамасыз етуге.

4.3. Тапсырыс берушіге орталық жұмысындағы кез келген өзгерістер туралы мессенджердегі топтық хабарламалар арқылы алдын ала хабарлауға. Хабарлама Тапсырыс берушіге жедел мессенджерлік чат арқылы немесе жеке түрде жеткізілсе, онда Тапсырыс

беруші өзгерістер туралы автоматты түрде хабардар болып саналады, ал Атқарушы Оқушының сабаққа келмеуіне немесе Тапсырыс берушінің Атқарушы жұмысындағы басқа да өзгерістерді білмегені үшін жауапты емес.

Атқарушы құқылы:

4.4. Оқушылардың жасы мен білім деңгейіне сәйкес оқу бағдарламасы мен оқулықтарды таңдауға.

4.5. Оқушылардың бағдарламаны меңгеруі үшін курстың ұзақтығын белгілеуге.

4.6. Топтың толуына баланысты сабақтың ұзақтығын белгілеуге. Тізім бойынша топта 6-12 оқушы болса, онда сабақтың ұзақтығы 90 минут болады. Тізім бойынша топтағы адам саны 5-ке дейін немесе одан аз болса, онда сабақ 60 минутқа дейін қысқарады. Бұл ретте, оқыту құны бұрынғысынша қалады.

4.7. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейіне сәйкес топтар құруға және сабақ кестесін жасауға.

4.8. Мемлекеттік және ұлттық мерекелер кезінде сабақ кестесін өзгертуге.

4.9. Тараптардың екіжақты келісімі бойынша Оқушының оқуы барысында ең жоғары нәтижеге қол жетізуі үшін оны білімінен жоғары немесе төмен деңгейге ауыстыруға.

4.10. Оқушыны сабаққа кіргізбеуге немесе шығарып тастауға, уақытылы төлем жасамау, жүйелі түрде сабаққа келмеу, бағдарламадан қалып қою, орталық қызметкерлерін және/немесе басқа да оқушыларды балағатайтын лайықсыз мінез көрсету немесе Атқарушының мүлкіне зиян келтіру себептерін қоса алғанда, бірақ онымен ғана шектеліп қоймауға.

4.11. Сабақ барысында Оқушылардың фотосуреттері мен бейнелерін түсіруге, сонымен қатар, алынған суреттерді, бейнелерді және үй тапсырмасының үзінділерін Атқарушының қалауы бойынша, соның ішінде жарнамалық мақсаттарда және үшінші тұлғаларға беру үшін пайдалануға. Бұл материалдар әлеуметтік желілерде Атқарушының парақшаларында жариялануы мүмкін. Тапсырыс берушінің осы Офертаны қабылдауы Атқарушыға оқушының суреттерін пайдалануына келісімін бергенін білдіреді. Егер Тапсырыс беруші осы келісімнен бас тартқысы келсе, ол Атқарушыға тиісті хабарлама жібереді.

* Тек 10 жастан асқан балаларға арналған. Оқу жылының соңында Кембридж сынақтамасынан өту баллына қол жеткізген оқушыларға Атқарушы оқу жылы барысында оқыған деңгейін сәтті аяқтағанын растайтын куәлік береді.

Тапсырыс беруші міндетті:

4.12. Келісім-шарт бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төлемақыны осы Келісім-шарттың 5.1-бабына сәйкес уақтылы төлеуге;

4.13. Қажет болған жағдайда Атқарушы Тапсырыс берушімен байланыса алатын телефон нөмірін беруге.

4.14. Оқушының үй тапсырмасын орындауын қадағалауға.

4.15. Оқушының сабаққа саналы түрде қатысуын бақылауға (кестеге сәйкес), себебі сабақтар топта өтеді, ал оның сабаққа келмеуі бүкіл топтың үлгеріміне кері әсер етеді.**

4.16. Егер Оқушы отбасылық немесе басқа да жағдайларға байланысты сабаққа келмесе (басқа жаққа кету, ауыру және т.б), онда Атқарушыны мұғалімі арқылы алдын-ала ескертуге.

Тапсырыс беруші құқылы:

4.17. Төленген мерзіміне және Атқарушы жасаған кестеге сәйкес Атқарушының көрсететін қызметтерін толық көлемде алуға.

4.18. Атқарушының оқытушыларынан немесе меңгерушілерінен Оқушының үлгерімі (балаңыз және/немесе өзіңіздің үлгеріміңіз) туралы шынайы ақпаратты алуға.

4.19. Төлем сомасы мен Атқарушы жұмысындағы өзгерістер туралы шынайы ақпарат алуға.

4.20. Курсты толық аяқтаған жағдайда деңгейді растайтын куәлік алуға.

** Егер Оқушы төрт немесе одан да көп сабақты себепсіз және ескертусіз босатса, онда Атқарушы телефон қоңырауы немесе хабарлама арқылы Тапсырыс берушіні хабардар ете отырып, Оқушыны оқудан шығару құқығын өзіне қалдырады.

5. Қызметтердің құны, оқу ақысын төлеу шарттары мен тәртібі

5.1. Оқу ақысын Тапсырыс беруші бағанамаға сәйкес қатаң түрде ағымдағы айдың 10-на дейін төлейді.

5.2. Келісім-шарт бойынша қызметтердің құны Атқарушының бағанамасы негізінде анықталады және Атқарушы Тараптармен келісілген жеңілдіктерді ескере отырып көрсетеді.

5.3. Қайта есептеулер және босатқан сабақтар үшін ақшаны қайтару (кез келген себептер бойынша) жүргізілмейді.

5.4. Босатқан сабақтардың келмеу себебіне қарамастан ақысы толық төленеді. Тапсырыс беруші Оқушының сабаққа келмеуінің дәлелді себебін растайтын құжатты (медициналық анықтама) ұсынған жағдайда, бір күнтізбелік ай ішінде Оқушы қосымша 4 (төрт) сабаққа (өтеуге) дейін келуге құқылы.

5.5. Егер қандай да бір себептермен Оқушы Атқарушыда оқуын жалғастыра алмаса немесе Оқушы оқудан шығарылса, онда Тапсырыс беруші Атқарушының қызметтері үшін Оқушы қатысқан сабақтар санына қарай төлеуге міндетті.

5.6. Егер Тапсырыс беруші бір айға оқу ақысын төлеген болса, бірақ Оқушы осы Келісім-шарттың бұзылуына байланысты барлық сабақтарға қатыспаса, онда Тапсырыс беруші 5.4 тармағына сәйкес сабаққа келмегені үшін ақшаны қайтаруға құқылы.

5.7. Осы келісім-шарт бойынша қызметтердің құны [Сайтта](#) көрсетіледі және оны Атқарушы кез келген уақытта біржақты тәртіпте өзгерте алады. Жаңа баға жарияланған сәттен бастап күшіне енеді және жарияланғанға дейін төленген қызметтерге қолданылмайды.

5.8. Сабақ санының өзгеруіне байланысты қайта есептеу болған жағдайда, 1 (бір) сабақтың құны 1 (бір) сабақтың орташа жылдық құнына сәйкес есептеледі.

5.9 Егер Тапсырыс беруші оқу ақысын ағымдағы айдың 10-на дейін төлемесе, онда Орталық бұл туралы Тапсырыс берушіге қоңырау шалу немесе хабарлама арқылы хабардар ете отырып, Оқушының сабаққа қатысуына рұқсат бермеуге құқылы.

6. Форс-мажор жағдайлары

6.1. Егер елде карантин жарияланса, төтенше жағдай енгізілсе немесе сабақтарды сыныпта өткізуге мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаса (ауа райы жағдайлары, өрт, су тасқындары және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен ғана шектеліп қоймай), онда мүмкіндік болса, Атқарушы оқу барысын онлайн түрге көшіру құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте Атқарушы Тапсырыс берушінің интернетке қосылуының бар-жоғына, интернетке қосылу жылдамдығына немесе қажетті бағдарламамен қамтамасыз етілуіне жауап бермейді.

6.2. Егер осы Келісім-шарт жасалғаннан кейін, бой бермейтін күш салдар туындаса, яғни олар қисынсыз бақылауда болса және жеңіп шығу мүмкін болмаса, салдардың бетін қайтара алмаса немесе шектеуге болмайтын жағдайлар болса, соның ішінде, өрт, су тасқыны, дүлей зілзалалар, бірақ олармен ғана шектеліп қоймай, осы Келісім-шартта

көзделген әрекеттерді жасауға тыйым салатын мемлекеттік уәкілетті өкілдердің нормативтік актісін қабылдау керек болса, онда Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе жартылай орындамағаны үшін жауап бермейді.

7. Басқа да шарттар:

7.1. Тараптардың ешқайсысы екінші тараптың жазбаша келісімінсіз осы келісім-шарт бойынша өз құқықтарын үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

7.2. Кез келген тарап екінші тарапты бұзу күнінен 1 (бір) апта бұрын хабардар ете отырып, біржақты тәртіпте шартты бұзуға құқылы.

7.3. Келісім-шарт бұзылған жағдайда, Атқарушы 10 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Келісім-шарт бойынша төленген қаражат сомасын сабаққа кеткен нақты шығындарды шегере отырып, оның ішінде, келісім-шарт бұзылған күнгі банк комиссиялары мен салық шегерімдері бойынша басқа да шығындарды қоса шегере отырып, қайтарып береді.

7.4. Тапсырыс беруші Атқарушыға Тапсырыс беруші мен Оқушының жеке деректерін өңдеуге келісім береді және <https://englishcenter.kz/> электрондық пошта мекенжайында орналасқан жеке деректерді қорғау туралы Ережемен таныс екендігін растайды.

7.5. Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттыпен танысқанын және оның ережелерімен келісетінін растайды. Атқарушы өзгертулер күшіне енгенге дейін 3 күннен кешіктірмей ағымдағы нұсқасын Атқарушының сайтына орналастыру арқылы осы Келісім-шартқа өзгерістер енгізуге құқылы. Тапсырыс беруші Атқарушының сайтындағы өзгерістерді өз бетінше қадағалайды.

7.6. Тараптар электрондық поштаға және/немесе Сайтқа (қосымшаға) және/немесе Тапсырыс берушінің Өтінішінде және Атқарушының осы Келісім-шартында көрсетілген WhatsApp желісіне жіберілген қатынас хатты заңды түрде маңызды деп таниды.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Келісім-шарттың 2.3 тармағына сәйкес осы Келісім-шарт Тапсырыс беруші қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді және тараптардың міндеттемелері толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

8.2. Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Атқарушының тіркелген жері бойынша сот тәртібімен шешіледі.

11. Орындаушының деректемелері

“InterActive” ағылшын орталығы

Жеке кәсіпкер Ли А.Я.

100017, Қазақстан Республикасы

Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы 26/6

ЖСН 780131401137

БСН 940140000385

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ686010002200028942

БФ АО «Народный Банк Казахстана»

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Балқаш қалалық филиалы

Публичная оферта

Настоящая публичная оферта является предложением оферента.

Предложение заключить договор возмездного оказания услуг по обучению английскому языку на курсах Английского центра “InterActive”.

Дата публикации: 19.08.2025

Дата вступления в силу: 19.08.2025

1. Термины

- 1.1. Оферта (в дальнейшем — Договор/Оферта) — настоящий документ, между Исполнителем и Заказчиком на предоставление Услуг, который заключается посредством Акцепта Оферты. Оферта является базовым документом отношения двух сторон и не подлежит обсуждению. Настоящий документ публикуется в сети Интернет, а также может быть направлен в целях ознакомления посредством электронной почты либо любыми другими способами.
- 1.2. Акцепт - ответ лица, которому адресована оферта, о её принятии. Акцепт — согласие на оплату.
- 1.3. Заказчик — физическое лицо, получатель услуг по настоящему договору.
- 1.4. Студент – физическое лицо, обучающийся в Английском центре “InterActive”
- 1.5. Центр - Английский центр “InterActive
- 1.6. Сайт - <https://englishcenter.kz/>

2. Общие положения и понятия

2.1. Данный документ является публичной офертой Английского центра “InterActive” ИП Ли А.Я. в лице директора Ли Анны Яковлевны, действующего на основании свидетельства о

регистрации ИП № KZ20UWQ05378383, именуемое в дальнейшем «Исполнитель», и содержит все существенные условия договора на оказание информационно-образовательных услуг в соответствии со статьей 395 Гражданского кодекса РК.

2.2. В соответствии со статьей 397 Гражданского кодекса РК акцепт оферты равносителен заключению договора на условиях, изложенных в оферте. Лицо, осуществившее акцепт настоящей публичной оферты, приобретает все права и обязанности Заказчика, предусмотренные настоящим договором.

2.3. Акцептом настоящей публичной оферты является осуществление Заказчиком полной оплаты услуг в соответствии с условиями настоящего договора. С момента поступления денежных средств в счет оплаты оказываемых услуг на расчетный счет Исполнителя, настоящий договор считается заключенным между Заказчиком и Исполнителем (вместе именуемые «Стороны»).

2.4. Принятие настоящей Оферты и соответственно, заключение настоящего Договора означает, что Заказчик в необходимой для него степени ознакомился с условиями настоящего договора.

2.5. Совершая действия по акцепту настоящей публичной оферты, Заказчик подтверждает свою правомерность, полномочия, дееспособность, достижение возраста 18 лет, а также законное право вступать в договорные отношения с Исполнителем.

3. Предмет договора:

Настоящий договор регулирует взаимоотношения между Исполнителем и Заказчиком с установлением прав и обязанностей сторон, а также механизм взаимной ответственности за обучение английскому языку и оплату занятий Студента

4. Права и обязанности сторон:

Исполнитель обязуется:

- 4.1. Обеспечить качественное обучение английскому языку Студента с предоставлением Заказчику в конце года результатов Кембриджских тестов того уровня, на котором Студент обучается*.
- 4.2. Предоставлять Студенту групповые или индивидуальные занятия, ежемесячно, по цене, согласно прейскуранту.
- 4.3. О любых изменениях в работе центра заранее сообщать Заказчику через групповую рассылку в мессенджерах. В случае доставки сообщения Заказчику в чат мессенджера или лично, Заказчик автоматически считается уведомленным об изменениях, и Исполнитель не несёт ответственности за неявку Студента на занятие или незнание Заказчика других изменений в работе Исполнителя.

Исполнитель имеет право:

- 4.4. Выбирать учебную программу и учебные пособия в соответствии с возрастом и уровнем знаний Студентов.
- 4.5. Определять длительность курса для освоения программы Студентами.
- 4.6. Определять длительность урока в соответствии с наполняемостью группы. Так, если в группе по списку 6-12 студентов, длительность урока составляет 90 минут. В случае уменьшения размера группы до 5-ти человек по списку и меньше, занятие сокращается до 60 минут. При этом стоимость обучения остаётся прежней.
- 4.7. Формировать группы в соответствии с возрастом и уровнем знаний Студентов и составлять расписание занятий.

- 4.8. Менять график занятий в период государственных и национальных праздников.
- 4.9. При обоюдном согласии сторон переводить Студента на уровень выше или ниже для достижения максимального эффекта от процесса обучения.
- 4.10. Не допустить Студента к занятиям или отчислить, включая, но не ограничиваясь, по причине отсутствия своевременной оплаты, систематических пропусков, отставания от программы, недостойного поведения, оскорбляющего сотрудников центра и/или других студентов, либо причиняющего вред сотрудникам или имуществу Исполнителя.
- 4.11. Производить фото- и видеосъемку во время занятий с участием Студента, а также использовать полученные изображения, видеозаписи и фрагменты домашнего задания по собственному усмотрению, в том числе в рекламных целях и для передачи третьим лицам. Данные материалы могут быть опубликованы в социальных сетях на страницах Исполнителя. Акцепт Заказчиком настоящей Оферты представляет собой согласие на использование Исполнителем изображений Студента. В случае, если Заказчик намерен отозвать указанное согласие, то направляет Исполнителю соответствующее уведомление.

*Только для детей от 10 лет и старше. Студентам, набравшим проходной балл по результатам Кембриджских тестов в конце учебного года, буден выдан сертификат от Исполнителя, подтверждающий успешное завершение уровня, на котором Студент обучался в течение учебного года.

Заказчик обязуется:

- 4.12. Своевременно оплачивать услуги по Договору в соответствии со ст. 5.1 настоящего Договора.
- 4.13. Предоставить номер телефона, по которому Исполнитель может связываться с Заказчиком в случае необходимости.
- 4.14. Контролировать выполнение Студентом домашнего задания.
- 4.15. Контролировать добросовестное посещение Студентом занятий (соответственно расписанию), так как занятия проходят в группах, и пропуски будут негативно сказываться на успеваемости всей группы. **
- 4.16. Предупреждать Исполнителя через своего преподавателя заранее об отсутствии Студента в случае семейных или иных обстоятельств (отъезд, болезнь и т.д.).

Заказчик имеет право:

- 4.17. Получить услуги Исполнителя в полном объёме, соответственно оплаченному периоду и расписанию, сформированному Исполнителем.
- 4.18. Получать достоверную информацию о прогрессе Студента (своего ребёнка и/или о своём прогрессе) от преподавателей или менеджеров Исполнителя.
- 4.19. Получать достоверную информацию о размере оплаты и изменениях в работе Исполнителя.
- 4.20. Получить сертификат, подтверждающий уровень, при условии, что курс пройден в полном объёме.

**** Если Студент пропустил четыре занятия и более без уважительной причины и без предупреждения, Исполнитель оставляет за собой право отчислить Студента, поставив в известность Исполнителя посредством телефонного звонка или сообщения.**

5. Стоимость услуг, условия и порядок оплаты обучения:

5.1. Оплата обучения производится Заказчиком согласно прейскуранту строго до 10-го числа текущего месяца.

5.2. Стоимость услуг по Договору определяется на основании прейскуранта Исполнителя и указывается Исполнителем с учетом скидок, о которых Стороны договорились.

5.3. Перерасчеты и возврат средств за пропущенные занятия (по любым причинам) не производятся.

5.4. Пропущенные занятия оплачиваются в полном объеме независимо от причины пропуска. В течение одного календарного месяца Заказчик имеет право до 4 (четырех) дополнительных занятий (отработок) при предоставлении документа (медицинской справки), подтверждающего уважительную причину отсутствия Студента.

5.5. В случае, если Студент по каким-то причинам не может продолжить обучение у Исполнителя, либо Студент был отчислен, Заказчик обязан оплатить услуги Исполнителя по количеству посещённых Студентом занятий.

5.6. В случае если Заказчик внёс оплату за целый месяц, но Студент не посетил все занятия по причине расторжения данного Договора,

Заказчик имеет право на возврат средств за не посещённые занятия п.7.4.

5.7. Стоимость услуг по настоящему договору указывается [на Сайте](#) и может быть изменена Исполнителем в любое время в одностороннем порядке. Новая стоимость вступает в силу с момента опубликования и не распространяется на оплаченные к моменту опубликования услуги.

5.8. В случае перерасчета по причине изменений количества занятий, стоимость 1 (одного) занятия исчисляется согласно среднегодовой стоимости 1 (одного) занятия.

5.9 Центр в праве не допускать Студента до занятий, оповестив об этом Заказчика посредством звонка или сообщения в случае, если Заказчик не оплатил обучение до 10-го числа текущего месяца.

6. Форс-мажорные обстоятельства

6.1. В случае объявления в стране карантина, введения ЧП или возникновения обстоятельств, не позволяющих проводить занятия в классах (включая, но не ограничиваясь **погодные условия**, пожары, наводнения и т.д.), Исполнитель оставляет за собой право перевести учебный процесс в онлайн формат, если такое возможно. При этом Исполнитель не несёт ответственности за наличие или отсутствие интернет связи, скорость интернет-соединения у Заказчика или наличия необходимого программного обеспечения.

6.2. Стороны не несут ответственности за полное или частичное неисполнение обязательств по настоящему Договору, если неисполнение явилось следствием возникновения обстоятельств непреодолимой силы, т.е., обстоятельств, которые находятся вне разумного контроля и не могут быть преодолены, предотвращены

или ограничены, включая, но не ограничиваясь: пожары, наводнения, стихийные бедствия, принятия уполномоченными гос. органами нормативно-правового акта, запрещающего исполнение действий, предусмотренных данным Договором, возникших после заключения данного Договора.

7. Прочие условия:

- 7.1. Ни одна из Сторон не вправе передавать свои права по настоящему Договору третьей стороне без письменного согласия другой стороны.
- 7.2. Любая из сторон имеет право расторгнуть договор в одностороннем порядке, уведомив другую сторону за 1 (одну) неделю до даты расторжения.
- 7.3. В случае расторжения Договора Исполнитель в течение 10 рабочих дней возвращает Заказчику сумму внесенных по Договору средств за вычетом фактически понесенных затрат на занятия, включая затраты на комиссионный сбор банка и прочие затраты на налоговые вычеты, произошедшие на дату расторжения, путем возврата денежных средств Заказчику.
- 7.4. Заказчик дает Исполнителю согласие на обработку персональных данных Заказчика и Студента и подтверждает свое ознакомление с Положением о защите персональных данных, расположенным по электронному адресу: <https://englishcenter.kz/> в документе [Политика конфиденциальности](#).
- 7.5. Заказчик подтверждает, что с настоящим Договором ознакомлен и согласен с его положениями. Исполнитель имеет право вносить изменения в настоящий Договор, разместив актуальную версию на Сайте Исполнителя не позднее, чем за 3 дня до вступления в силу

изменений. Заказчик самостоятельно отслеживает изменения на Сайте Исполнителя.

7.6. Стороны признают юридически значимой переписку, направляемую по адресам электронной почты и/или посредством уведомлений на Сайте (в приложении) и/или WhatsApp указанный Заказчиком в Заявке и Исполнителем в настоящем Договоре.

8. Заключительные положения

8.1. Настоящий договор вступает в силу с момента акцепта Заказчика в соответствии с п 2.3. договора и действует до полного исполнения обязательств сторонами.

8.2. Все споры и разногласия между сторонами разрешаются путем переговоров, либо в судебном порядке в соответствии с действующим законодательством РК по месту регистрации Исполнителя.

11. Реквизиты Исполнителя

Английский центр “InterActive”
Индивидуальный Предприниматель
Ли А. Я.
100017 Республика Казахстан,

г. Караганда, Н. Абдирова 26/6

ИИН 780131401137

БИН 940140000385

БИК HSBKKZKX

ИИК KZ686010002200028942

БФ АО «Народный Банк Казахстана»